

**Тіл кемістігі.  
Логопедиялық  
көмек жүйесі**

**Логопедия** – сөйлеу тілінің кемістіктерін, оның бұзылу себептерін болдырмау жолдары, сонымен бірге осындай кемістіктерді әр түрлі жолдармен түзетіп жоюдың тәсілдерін зерттейтін арнайы педагогикалық ғылым.

«Логопедия» – логос (сөз) және пайдео (тәрбиелеймін, үйретемін) деген грек сөздерінің түбірінен алынған. Логопедия арнайы педагогиканың (дефектологияның) бір бөлігі болып есептеледі.

***Логопедияның зерттеу объектісі*** – сөйлеу тілінің бұзылуынан зардап шеккен адам.

***Логопедияның негізгі мақсаттары*** – сөйлеу тілі бұзылған адамды оқытуды, тәрбиелеуді және қайта тәрбиелеуді, сонымен бірге сөйлеу тілінің кемістіктерінен алдын ала сақтандыру жолдарын ғылыми негізде жете зерттеу болып табылады.

***Логопедияның міндеттері:***

- Сөйлеу тілінің бұзылуының таралуын, оның симптоматикалық белгілерін анықтау;
- Сөйлеу тілі бұзылған баланың сөйлеу қабілетінің өздігінен белгілі бір бағытпен дамуын, сөйлеу кемістіктерінің адамның жеке басының қалыптасуына, психиканың дамуына тигізетін әсерін анықтау;
- Сөйлеу тілінің бұзылуының себептерін, белгілерін, механизмдерін анықтау;
- Сөйлеу тілінің кемістіктерін түзету, жою;
- Сөйлеу тілінің кемістіктерінің алдын ала сақтандыру тәсілдерін толық жетілдіру;
- Логопедиялық көмекті ұйымдастыру мәселесін қалыптастыру.

# Тіл кемістіктерін топтастыру



Клиникалық-педагогикалық  
(ауызша, жазбаша)

Психологиялық-педагогикалық

**С.С.Ляпидевскийдің** айтуы бойынша КПТ-да тіл кемістігін үш жақтан қарастыруға болады:

**Медициналық аспекті-** сөйлеу анализаторының қайсысы зақымдалған , қай бөлігінде және күрделілігі қандай деңгейде екенін дәлелдейді.

**Психологиялық аспекті-** сөйлеу тілінің коммуникативтік қызметі қаншалықты бұзылғанын; әр түрлі тіл кемістіктері бар балалардың тұлғалық ерекшеліктерін; болжауы қандай болатынын қарастырады.

**Логопедиялық аспекті-** сөйлеу тілінің қай бөлімі зақымдалғанын қарастырады.

# Ауызша сөйлеу тілінің бұзылыстары

```
graph TD; A[Ауызша сөйлеу тілінің бұзылыстары] --> B[Сыртқы(фонациялық)]; A --> C[Ішкі (сематикалық)]; B --> D[1)Дауыстың бұзылуы ;]; B --> E[2)Сөйлеу тілінің жылдамдығы мен ырғақтылығының бұзылуы;]; B --> F[3)Тіл дыбыстарының айтылуының бұзылуы;]; C --> G[1) алалия]; C --> H[2) афазия];
```

## Сыртқы(фонациялық)

- 1)Дауыстың бұзылуы ;
- 2)Сөйлеу тілінің жылдамдығы мен ырғақтылығының бұзылуы;
- 3)Тіл дыбыстарының айтылуының бұзылуы;

## Ішкі (сематикалық)

- 1) алалия
- 2) афазия

# Ауызша сөйлеу тілінің сыртқы бұзылуы

**Дауыс-** бұл өзінің күрделілігіне және әлеуметтік маңыздылығына байланысты емес адам көмейінен шығатын кез-келген дыбыс.

**1) Дауыстың бұзылуы-** бұл күш, жоғарылық, тембр ауытқуы.

**А) Афония** ( грекше «а»- теріс мағыналы қосымша, « phone»- дауыс)- сыбырлап сөйлеу сақталғанның өзінде де дауыстап және қатты сөйлеуге қабылетсіздік.

**Б) Дисфония**(«dis»-бұзылу, «phone»- дауыс)- жарым жартылай дауыс бұзылуы, осы кезде афониядан айырмашылығы дыбыс шығару сақталынып, бірақ ерекше тембр, әлсіздік немесе үзілмелілікпен сипатталады.

**В) Фонастения**(«phone»- дыбыс, дауыс «astheneia» - әлсіздік, дәрменсіздік)- сөйлеу қозғалу аппаратының табиғи зақымдалуының болмауы кезіндегі дауыс қалыптасуының бұзылуы.

## 2) Сөйлеу тілінің жылдамдығы мен ырғақтылығының бұзылуы:

А) **Тахилалия**(«tachys»- тез, «lalio»- сөйлеу тілі)- сөйлеу жылдамдығының қалыптан тыс тездетуі.

Б) **Брадилалия**( «bradys»-баяу, «lalio»- сөйлеу тілі)- сөйлеу жылдамдығының қалыптан тыс баяулауы.

В) **Тұтықпа (логоневроз)** - сөйлеу мүшелерінің бұлшық еттерінің тырысу салдарынан сөйлеудің ырғақтылығының жылдамдығының бұзылуы.(жүйелік, невроз тәрізді), (жеңіл, орташа, ауыр).

### 3) Тіл дыбыстарының айтылуының бұзылуы:

А) **Дислалия**- есту қабілеті дұрыс және сөйлеу тілі аппаратының иннервациясы сақталған қалпында сөйлеу тіліндегі дыбыстардың айтылуының бұзылуы.

(акустика-фонематикалық, артикуляторлы-фонематикалық, артикуляторлы-фонетикалық)

Б) **Ринолалия**- сөйлеу мүшелерінің анатомиялық ақаулықтарының салдарынан дауыс әуезділігінің (тембрінің) және тіл дыбыстарының айтыруының бұзылуы. (ашық, жабық, аралас)

В) **Дизартрия**- сөйлеу тілінің күрделі бұзылуы.



## Ауызша сөйлеу тілінің ішкі бұзылуы

**А)Алалия** – ерте кездегі бала дамуы немесе құрсак ішіндегі бас миының қабығындағы сөйлеу аймағының органикалық бұзылу нәтижесіндегі сөйлеудің жоқ болуы немесе дамымауы.

**1)Моторлы (экспрессивті) алалия** – бұл орталық органикалық сипаттағы экспрессивті сөйлеудің жүйелі дамымауы, мағыналық және сенсомоторлық операцияның (моторлы орталықтағы зақымдануды жайылтпау кезінде) біршама сақталуы кезінде сөз сөйлеудің зақымдану барысындағы тіл операцияларының қалыптаспауы мен келісілі.

**2)Сенсорлы алалияның** негізгі нышаны самай үлесінің басын жарты шарының зақымдану кезінде пайда болатын сөйлеу-есту анализаторының жұмысының бұзылу нәтижесінде сөзді қабылдау және түсіну бұзылысы болады.

**Б) Афазия** (грекше «а»- теріс мағыналы қосымша, «phasis»- айту) – сөздің бұзылуы, есту және артикуляциялық аппаратының қызметінің сақталуы кезіндегі тіл құралымен толық немесе жарым-жартылай қолдану мүмкіндігін жоғалтуы.

1) **Акустика-гностикалық** сенсорлы афазия негізінде фонематикалық есту қабілетінің бұзылуы .

2) **Акустика-мнестикалық** афазия кезінде естіген сөзді жадында сақтауы төмендейді.

3) **Семантикалық** афазияда керекті сөзді табу немесе затты еркімен атау кезіндегі өзіндік амнестикалық қиыншылықтар байқалады.

4) **Афферентті** моторлы афазия артикуляциялық аппаратының әр түрлі мүшелерінің қозғалысының кеңістікті синтездеуінің бұзылуы, сөйлеу жағдайының толық жоқтығымен сипатталады және артикуляцияның жеке жолын таңдауының айрықша бұзылуы байқалады.

5) **Эфферентті** моторлы афазия қозғалу бағдарламасын еске түсіру және қабылдау қиыншылығымен қоса жүреді.

6) **Динамикалық** афазия кезіндегі негізгі сөйлеу кемістігі қиыншылықта немесе айтылудың толық белсенді күшейтуінің мүмкін еместігінде байқалады.

## **Жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуы**

**А) Дислексия** («dis» - бұзылу, «lego»- оқимын) бұл тұрақты сипаттағы қайталанатын қателермен белгіленетін және жоғарғы психикалық функциялардың қалыптаспағандығымен (бұзылысымен) шартталған, оқу үрдісінің жартылай спецификалық бұзылысы.

Р.И.Лалаева дислексияның келесі жіктеулерін ұсынды:

**1) Фонематикалық дислексия-** фонематикалық жүйе қызметінің дамымауымен байланысты.

**2) Семантикалық дислексия-** оқыған сөздерді, сөйлемді, мәтінді техникалық дұрыс оқыған жағдайда оқығанының түсінуінің бұзылуы.

**3) Аграмматикалық дислексия-** сөйлеу тілінің грамматикалық құрылымын морфологиялық және синтаксистік жалпылаудың дамымауымен белгіленеді.

**4) Мнестикалық дислексия-** барлық әріпті игеру қиыншылығында, оның дифференциаланбаған ауысуында байқалады.

**5) Оптикалық дислексия-** ұқсас бейнелі әріпті игеру қиыншылығымен сипатталады.

**6) Тактильді дислексия-** көру қабылеті зақымдалған балаларда болады.

**Б) Дисграфия** («dis»- бұзылу, «grapho»- жазу)- бұл жазу процесінің жарым жартылай өзіндік бұзылуы.

**1) Артикуляторлы-акустикалық дисграфия**- оның негізінде дұрыс айтылмаудың жазуда көрінуі, яғни бала өзінің ауызша сөйлеу тілінде дыбысты дұрыс айтпауы жазуда бейнеленеді.


**2) Фонемді тану бұзылысы негізіндегі дисграфия**(фонемді дифференциациялау) фонетикалық жақындығы бойынша сәйкес әріптерді алмастырудан байқалады.

**3) Тілдік талдау мен жуктеудің бұзылу негізіндегі дисграфия:** сөйлем және сөз құрылысының бұрмалануы жазуда тілдік талдау мен жіктеудің дамуымен байқалады.


**4) Аграмматикалық дисграфия** сөздің грамматикалық қатарының дамымауымен байланысты: морфологиялық, синтаксистік жалпылуының дамымауы.

**5) Оптикалық дисграфия** көру гнозисінің, талдау, жинақтау, кеңістікте бағдарлаудың дамымауымен байланысты.

## Психологиялық – педагогикалық топтастыру



1. қарым-қатынас құралының бұзылуы



2. қатынас құралының қолдану кезінде бұзылуы

## 1. Қарым-қатынас құралының бұзылуы:

А) **фонетикалық бұзылыстар** - балалардың кейбір дыбыстарды бұзып немесе мүлдем айтпауы.

Б) **сөйлеу тілінің фонетика-фонематикалық жетіспеушілігі (ФФЖ)** – фонемді қабылдау және айтуындағы ақаулықтардың салдарынан әр түрлі тіл кемістіктері бар балалардың ана тілінде сөйлеу жүйесінің бұзылуы.

В) **жалпы сөйлеу тілінің дамымауы(ЖСТД)** – сөйлеу тілінің күрделі бұзылуы

## 2. Қатынас құралының қолдану кезінде бұзылуына

**тұтықпа** жатады. **Тұтықпа** жалпы сөйлеу тілі дамымауымен тіркесіп, аралас қосылған кемістік болуы мүмкін.

# **Сөйлеу қабілетінің бұзылу себептері**

**1.Биологиялық:негізінен құрсақішілік дамуы және босану кезінде(ұрықтың гипоксиясы, босану кезіндегі зақымдар және т.б.),сондай-ақ туылғаннан кейінгі алғашқы айларда әсер ететін патогендік факторлар.**

**2.Әлеуметтік-психологиялық факторлар: қоршаған ортаның жағымсыз әсерлері-педагогикалық салақтық, баланың сөйлеу қабілетінің дамуының шектен тыс стимуляциясы, айналасындағы адамдардың сөйлеу қабілетінің бұзылуы және т.б**

Логопедиялық жұмыстарды ұйымдастыруда басшылыққа алынатын негізгі бағдарламалар тіл дамыту жұмыстарының мынадай міндеттерін ұсынады:

**-Құрылымдық** – тілдің барлық құрылымдық компоненттерінің фонетика,грамматика, лексиканы қалыптастыру;

**-Функционалдық** – қарым-қатынасқа түсу формаларын үйрету;

**-Когнитивтік** – тіл мен сөйлеудің бірлігін түсіндіру,сөйлеудегі себеп-салдарды анықтау.



**Ауыр тіл кемістігі бар балаларға арналған мектептерде сөйлеу тілі бұзылған балалармен жүзгізілетін жұмыстарды ұйымдастыруда педагогикалық жұмыстар мына балалармен жүргізіледі. 2-3 деңгейдегі бұзылуы анықталған балалар:**

**1 бөлім – жалпы сөйлеудің күрделі кемшілігі.  
10 жыл ішінде 9-жылдық білім меңгереді**

**2-бөлім – күрделі түрдегі тұтығу белгіленген балалар**